

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ**

«20» 10 2023 жыл

№ 356

Астана қаласы

**«Төтенше жағдай кезіндегі әрекет»
Іс-шара ұйымдастыру туралы**

2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде» «Төтенше жағдай кезіндегі әрекет» атты қызметкерлер мен оқушыларға кеңес ретінде іс-шара ұйымдастырылсын. Жауапты АӨТД пәні мұғалімі Ш.Б.Әбдікерімов.
2. Терроризм және діни экстремизмге қарсы жоспар әзірленсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Аманкуловаға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ғ.Н.Сүндетов

Бұйрықпен таныстым:

М.А.Аманкулова

Ш.Б.Әбдікерімов

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҒҰР ЖҮСП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ**

«01» 09 2023 жыл

№ 261

Астана қаласы

**2023-2024 оқу жылының басталуына орай
терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз
ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27414 болып тіркелген бұйрыққа сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы мекеме басшылары мен қызметкерлеріне арналған әдістемелік нұсқаулық мектеп ұжымына толық таныстырылсын.
2. Мектеп оқушыларына апталық сынып сағаттарында тақырыптық сынып сағаттары жоспарға сәйкес өткізілсін және мектеп фойесінде терроризмге байланысты жаднама, ақпараттық бұрыштары ұйымдастырылсын.
3. 1 – 11 сынып оқушыларын арнайы дәріс сағатында «Өмір қауіпсіздігі» нұсқаулығымен таныстыру, кеңес беру жұмыстары сынып жетекшілері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.А.Аманкуловаға және Д.К.Айдароваға жүктелсін.
4. Әдістемелік нұсқаулықты мектеп ұжымына таныстыру жауапкершілігі және тізім бойынша қол қойғызу директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Р.Т.Кубелековаға және алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні мұғалімі Ш.Б.Әбдікерімовке міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ғ.Н.Сүндетов

**«Алматы» ауданының төтенше
жағдайлар басқармасы» ММ
басшысы, подполковник
Н.Е.Омаровқа**

Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі» КММ 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы», Астана қаласы әкімімен бекітілген 2023 жылдың екінші жартыжылдығына арналған Астана қаласының аумағында азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығу жиынының жоспарына сәйкес, төмендегіні мәлімдейді.

Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі» КММ 2023 жылдың 21 қыркүйегі күні 13-00 де және 17-00 де 17 эвакуациялық жиналу пунктінде "Терроризм актісі кезіндегі іс әрекет" атты жиын ұйымдастырылды. Мектептегі АҚ және ТЖ негізгі міндеті - оқушыларды, мұғалімдер құрамы мен техникалық персоналды табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан, сонымен қатар жауларымыздың қазіргі заманғы жойқын қаруларын қолданғандағы зардаптардан және терроризм актісінен қорғау.

Осыған байланысты, аталған іс-шараны дайындау және өткізу бойынша құжаттар әзірленді, сондай-ақ оны ұйымдасқан түрде өткізу қамтамасыз етілді. Жалпы, 2 ауысымдағы 1670 оқушы, 97 мұғалім және 35 кіші қызметкер қатыстырылды.



"Терроризм актісі туындаған кездегі іс-қимыл" кіріспе бойынша жоспарлы эвакуациялауды практикалық пысықтау қорытындылары бойынша есепті қоса береміз.

Қосымша: фотосуреттер 5 дана.

**АҚ және ТЖ бастығы
мектеп директоры**



Г.Н.Сундетов



Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі» КММ
эвакуациялық жиналу пунктінде "Терроризм актісі кезіндегі іс әрекет" атты
жиын әлеуметтік желіге жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/Cxf-eocty5t/?igshid=>

=MzRIODBiNWFIZA==




«Бекітемін»

Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектеп директоры

Г.Н.Сундетов

2023-2024 оқу жылындағы терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс шаралар
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Сыныбы форматы	Жауапты
1	Іс-шара жұмысын жоспарлау Діни экстремизм мен терроризм – ғасыр індеті	Қыркүйек Қазан	9 сыныптар Дөңгелек стол	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
2	Біз діни экстремизмге қарсымыз	Қаңтар	5-11 сыныптар челлендж	ДТІЖО Сынып жетекшілер Адал Ұрпақ клубы
3	Терроризмге жол жоқ	Ақпан	9 сыныптар Түсіндірме жұмысы	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
4	Терроризм және оның зардаптары	Наурыз	5-7 сыныптар Түсіндірме жұмыстары	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы
5	Терроризм - қоғамға қауіп төндіреді	Сәуір	5-7 сыныптар сурет салу	Түсіпханов Е.К. Сынып жетекшілер
6	Дінтану негіздері	Жыл бойы	9 сыныптар	ДТІЖО Пән мұғалімдері

ДТІЖО: 

М.А.Аманкулова

**Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде өткізілген
экстремизммен күрес басқармасы қызметкерлерімен кездесудің
АНЫҚТАМА**

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде терроризм мен экстремизмнің алдын алу туралы жоспар жасалды. 11 сынып оқушылары арасында экстремизммен күрес басқармасы қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

Қазіргі таңда, осы терроризм мен экстремизмнің көрінісі мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Жастардың діни көзқарасы әлі де өзекті мәселе болып табылады және жүйелі талдауды қажет етеді. Әр түрлі себептермен дәстүрлі дінді жоққа шығаратын адамның көзқарастарына негізделген жастардың діни ізденісі ХХ ғасырдың жалпы көрінісін табады.

Жастар – біздің мемлекетіміздің болашағы, ол бізден күнделікті қамқорлық пен тынымсыз ілтипатты қажет етеді. Жастарымыздың адамзаттық болмыстағы, әсіресе, дін саласы сияқты нәзік саладағы құнды бағдарларын білу өте маңызды. Себебі, адамның жеке тұлға ретінде көбінесе жас жылдарында қалыптаса бастайды.

Жалпы, дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ұйымдастырылған жұмыс өзінің нәтижесін беріп, ал оның тиімділігі бірлікпен бірте-бірте өседі.

Мемлекетіміздегі діни ахуалдың тұрақталуы туралы негізгі бағаны беретін – халық. Осы кезеңде жұмыстың стратегиялық жолмен таңдалған бағыттарын жалғастыру, іс-тәжірибені біртіндеп жақсарту маңызды. Енді біз конфессияаралық келісімге, жоғары мәдениетке және қоғамды тәрбиелеуге негізделген еліміздің рухани байлығын сақтау және одан әрі арттыру үшін бәрін жасауымыз керек.

ДТІЖО

Тәлімгер





М.А.Аманкулова

Н.Қорғанбаева

Анықтама

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде 2023 жылдың 10 қазаны күні 13-00 де және 16-00 де 17 эвакуациялық жиналу пунктінде "Терроризм актісі кезіндегі іс әрекет" атты жиын ұйымдастырылды. Мектептегі АҚ және ТЖ негізгі міндеті - оқушыларды, мұғалімдер құрамы мен техникалық персоналды табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан, сонымен қатар жауларымыздың қазіргі заманғы жойқын қаруларын қолданғандағы зардаптардан және терроризм актісінен қорғау.

Осыған байланысты, аталған іс-шараны дайындау және өткізу бойынша құжаттар әзірленді, сондай-ақ оны ұйымдасқан түрде өткізу қамтамасыз етілді. Жалпы, 2 ауысымдағы 1622 оқушы мен 100 мұғалім қатыстырылды.



ДТІЖО

АӘД пәні мұғалімі

Аманкулова
Ш.Әбдікәрімов

М.Аманкулова

Ш.Әбдікәрімов

**Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде өткізілген «Біз
экстремизмге қарсымыз» атты челленджге
АНЫҚТАМА**

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде терроризм мен экстремизмнің алдын алу туралы жоспар жасалды. 5-11 сынып оқушылары арасында «Біз экстремизмге қарсымыз» атты челлендж ұйымдастырылды.

Экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста.

Заманауи терроризм – бұл әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларының шегінен шығып, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірген күрделі, көпқырлы және аса жағымсыз саяси-әлеуметтік құбылыс. Жаһандық зұлымдықпен күресудің тиімді әдістері мен нысандарын зерттеуге арналған мемлекеттер басшыларының қатысуымен көптеген халықаралық конференциялар өткізілді. Осы форумдарда терроризмге тиісті халықаралық реакцияның оған қарсы күресудің халықаралық жүйесі талап етілетіндігі туралы бірнеше рет айтылды. Терроризмге қарсы тұру үшін бізге терроризмнің мәнін нақты анықтау қажет.

Экстремизм – бұл қоғамдық-саяси жүйенің идеологиялық және институционалдық негіздерін жоққа шығаратын және заңды конституциялық тәртіпті тез арада күштеп өзгертуге шақыратын түбегейлі идеяларға негізделген саяси тәжірибе.

ДТІЖО

Тәлімгер



М.А.Аманкулова

Н.Қорғанбаева


**Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебінде өткізілген
экстремизммен күрес басқармасы қызметкерлерімен кездесудің
АНЫҚТАМА**

2023 – 2024 оқу жылы № 57 орта мектепте ұстаздар мен оқушылар мектеп қызметкерлер және АӘЖТД пәнәнің мұғалімі Әбдікерімов Шәміл Бүркітұлы төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын жүргізді. Біздің мектебімізде 4 қосалқы есіктер бар. Төтенше жағдайлар орын алған жағдайда мектеп ұстаздары мен оқушылар қосалқы есіктерден тез арада қауіпсіз аймаққа шығуын қамтамасыз етуді көрсетті. Барлық қызметкерлермен оқушылар өз қауіпсіз орындарымен танысты.

Террорлық қауіп-қатер кезіндегі қауіпсіздігі жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Террор акт – билік органдарының немесе халықаралық ұйымдардың қызметін тұрақсыздандыру, әлде олар қабылдаған шешімдерге ықпал ету мақсатында, тұрғындарды дүрліктіретін, адам қазасына алып келетін, айтарлықтай үлкен мүліктің зақым келтіретін немесе өзге ауыр салдарларға алып келетін өртеу, жару және басқа да әрекеттер жасау, сонымен қатар аталған мақсаттар жолында аталған әрекеттерге барамыз деген қоқан-лоққы көрсету сияқты әрекеттер.

Террорлық акт қаупінде тұрғындарды үрейленуден және жете ойластырылмаған әрекеттерден сақтану өте маңызды екенін оқушылар білу. Әрбір адам шұғыл және төтенше жағдайларда дұрыс бағдар ала білуге, әрекет етуге, өзін-өзі қорғауға психологиялық тұрғыдан дайын болуы тиіс.




Дайындаған: АӘЖТД пәнәнің мұғалімі

Ш.Әбдікерімов

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте «Дін мен тәрбие өнегесі»
10-11 сыныптар арасында өткізілген іс-шараға
АНЫҚТАМА**

Қараша айында 10-11 сынып арасында ««Діни экстремизм мен терроризм-ғасыр індеті»» пікірталас өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға діни тәрбие бере отырып, адамгершілікке, имандылыққа, рухани тазалығын сақтауға уйрету. Мұсылман дінінің өміршендігін және Исламдінін насихаттау. Өз дініне деген сүйіспеншілігін, құрметпен қарауға сенімін арттыру.



Әрбір адам діни экстремизм мен терроризмнен хақ дінімізді дұрыс ажырата білгендері абзал. Ол үшін барша адам діни тұрғыдан сауаттарын ашқандары дұрыс. Сол кезде ғана, адасушылықтан бойымызды аулақ ұстап, Ислам дініміздің хақ екендігіне көзімізді анық жеткіземіз..

Қазақтың ұлы ақыны Абай – рухани сауатын жоғары деңгейге жеткізген тұлға. Абай сөзінің қара сөздерінде негізінен ақиқат турасында өзінің біліп түйгендерін халыққа жеткізуге асыққан. «Құранның іші толған игілік іс» деп ақын Ислам дінінің құндылықтарына, ондағы терең тәрбиеге бас иген. Әрі мұның қазаққа қажеттілігін жақсы түсіген.

Ислам діні – адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тиюды, адамзатқа игілік пен адалдық жолында күресуді мұсылмандық борыш санайды.

ДТІЖО

Тәлімгер:

М.А.Аманкулова

Н.Қорғанбаева

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте «Діни экстремизм мен терроризм-ғасыр індеті» атты тақырыбында дөңгелек үстелге
АНЫҚТАМА**

Қыркүйек айында 9 сыныптар арасында «Діни экстремизм мен терроризм-ғасыр індеті» атты тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге мектеп инспекторы қатысты.

Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы этаптары болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда.



Терроризм қазіргі таңда әлем індеті. Terror латын сөзі қорқыныш, үрей дегенді білдіреді.

Терроризмнің мақсаты — мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін - дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Терроризмнің ең қауіпті түрі — діни терроризм қаупі төніп тұр. Себебі, біздің мемлекетімізде дінге шек қойылмаған, яғни кез - келген адам өзі қай дінге сенгісі келсе соған сенуге құқылы. Қазіргі таңда бірнеше мемлекетте заңсыз діни ұйымдар белсенді әрекет етуде. Қазақстанда соңғы кезде түрлі діни ағымдардың саны өсіп келеді. Нақты айтатын болсақ, 90 - жылдары діни ағымдардың жалпы саны 10 болса, бүгінде олардың саны шамамен 160 - тан асады.

ДТІЖО
Тәлімгер:

М.А.Аманкулова
Н.Қорғанбаева




«Бекітемін»
Мәлімұр Жүсіп атындағы
№57 орта мектеп директоры
Т.Н.Сундетов

2023-2024 оқу жылындағы антитеррорлық қауіпсіздікке байланысты ұжыммен
өткізілетін іс шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Қатысушылар, ұйымдастыру формасы	Жауапты
1	Іс-шара жұмысын жоспарлау. Діни экстремизм мен терроризм – ғасыр індеті	Қыркүйек	Сынып жетекшілер	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	Экстремизммен күрес басқармасы қызметкерлерімен кездесу	Жылына бір рет	Кездесу	Педагог ұйымдастырушы Тарих пәні мұғалімдері
3	Террозимге жол жоқ антитеррорлық қауіпсіздікке байланысты нұсқаулық жүргізу	Ақпан	Түсіндірме жұмысы	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Нұрғазин О
4	Терроризм және оның зардаптары	Сәуір	Түсіндірме жұмыстары	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы

ДТІЖО:  М.А.Аманкулова



**Балалардың терроризмге қарсы қауіпсіздігі және
оларды қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Ұйымшылдық пен қырағылықты, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындықты арттыруға, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Мектеп ғимаратына кіру күзет бекетінде болуы тиіс келушілерді журналда тіркей отырып, жеке басын куәландыратын құжаттары болған кезде жүзеге асырылады. Мектеп сабақтарын өткізу кезінде кіретін есіктер жабық болуы тиіс.
3. Мектепке келген барлық адамдар аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, келу уақытын және кету уақытын көрсете отырып, келу журналына тіркеледі
4. Тұрақты күзеті жоқ кіру есіктері, қосалқы шығу есіктері жабылып, мөрленуі тиіс.
5. Күзет қызметкерлері кешкі және түнгі уақытта ғимаратты сыртқы жағынан айналып өтуге және терезелердегі әйнектердің, торлардың, кіру есіктерінің бүтіндігін тексеруге, ол туралы журналға жазба жасауға міндетті.
6. Шаруашылық меңгерушісі күзет қызметкерлерінің мектепке кіру кілттерінің екінші жиынтығымен қамтамасыз етілсін.
7. Оқу жылы ішінде кемінде бір рет оқушылар мен тұрақты құрамды ғимараттан эвакуациялау бойынша жаттығулар өткізу.
8. Ғимараттан мәжбүрлі көшіру кезінде мұғалімдер тізім бойынша оқушылардың бар-жоғын, ал директордың ОТЖ жөніндегі орынбасарына тұрақты құрамның бар-жоғын қауіпсіз жерде тексеруге және оларды іздестіру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.
9. Ең қауіпті жерлерде (эвакуациялау схемасы бойынша) жарамды, зарядталған өрт сөндіргіштердің болуы және міндетті түрде күзет қызметкерлерінде болуы тиіс.

10. Күдікті пакеттер, қораптар, жарылғыш және радиоактивті заттар табылған жағдайда оларға жақындамаңыз, қол тигізбеңіз (тек оларды қоршаңыз) және дереу тиісті органдарға хабарлаңыз.

11. Мектеп ғимараты мен оған іргелес аумақта бөгде көліктің тұрағына жол бермеу. Кіру қақпасын жабық ұстаңыз. Иесіз көлік тұрағының барлық жағдайлары туралы Құқық қорғау органдарына хабарлансын.

12. Ғимаратта бөгде адамдар пайда болып, ұзақ уақыт болған кезде құқық қорғау органдарына хабарлап, өткізу режимін күшейтсін.


13. Мәжбүрлі эвакуациялау кезінде (салынған жарылғыш зат туралы сигнал алған кезде) балаларды орналастыру қажет.

14. Өрт болған жағдайда, дереу № 101 немесе 112 телефонына хабарлау, өртті сөндіру шараларын қабылдау

15. Оқушыларға түтіндеген үй-жайда тыныс алу органдарын қорғау тәсілдерін үйрету.

16. Күдікті заттар, жарылғыш құрылғылар, радиоактивті заттар табылған, террористік актілер жасалған немесе әрекет жасалған жағдайда ауданның тиісті жедел қызметіне дереу қоңырау шалыңыз.

ДТІЖО  М.А.Аманкулова



Анықтама

Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектебі» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы», Астана қаласы әкімімен бекітілген 2023 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған Астана қаласының аумағында азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығу жиынының жоспарына сәйкес өткізілді.

2023 жылдың 20 сәуір күні 12-00 де және 16-00 де эвакуациялық жиналу пунктінде АҚ ұйымдастырылды. Мектептегі АҚ және ТЖ негізгі міндеті - оқушыларды, мұғалімдер құрамы мен техникалық персоналды табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан, сонымен қатар жауларымыздың қазіргі заманғы жойқын қаруларын қолданғандағы зардаптардан қорғау.

Осыған байланысты, аталған іс-шараны дайындау және өткізу бойынша құжаттар әзірленді, сондай-ақ оны ұйымдасқан түрде өткізу қамтамасыз етілді. Жалпы, 2 ауысымдағы **1405** оқушы мен **142** мұғалім мен кіші қызметкерлер қатыстырылды.



Мектеп директоры

ДТІЖО



Г.Н.Сундетов

М.Аманкулова

Д.Айдарова